

## **ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 2019 жылғы 9 айда атқарған қызметі туралы есеп**

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – РҚБОӘО) **қызметінің мақсаты:** балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік құқықтық, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-мазмұнды, ақпараттық және сараптамалық сүйемелдеу құралдарымен сапалы қосымша білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

### **Міндеттері:**

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде балаларға қосымша білім беру арқылы оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

2) балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, олардың зияткерлік, адамгершілік, дене бітімін жетілдірудегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, қосымша білім беру арқылы балалардың қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;

3) көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру-сауықтыру және басқа негізгі бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу арқылы балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту;

4) білім беру бағдарламаларының мазмұнын және балаларға қосымша білім беретін педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру сапасын жетілдіру;

5) қосымша білім беру бағыттары бойынша мектептен тыс республикалық іс-шараларды өткізу сапасын арттыру.

### **I. ҚР БҒМ тапсырмасы бойынша ұйымдастырылып өткізілді:**

**6** республикалық іс-шара (**1 168** қатысушы қамтылды);

балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының **825** педагог кадрлары үшін **13** біліктілікті арттыру курстары (80 сағаттан).

**II. ҚР БҒМ БҚҚК тапсырысы бойынша «Ризашылық – мейірімділік бұлағы»** жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының **3** іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

### **III. РҚБОӘО ұйымдастырып өткізді:**

1) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың **263** педагог қызметкерлері үшін **3 қысқа мерзімді курс (168** тыңдаушы) **және 2 семинар (95** тыңдаушы);

2) «Қосымша білім беру: болашаққа көзқарас» құрылымдалған диалог (Петропавл қ., 300 қатысушы);

3) БММ, БКМ және БӨМ үшін 10 білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыс тобының **отырысы;**

4) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арасында XIV Халықаралық «Жұлдызай» балалар шығармашылығы фестивалі аясында «Бейнелеу өнері» және «Сәндік-қолданбалы өнер» номинациялары бойынша қашықтықтан байқау.

**IV. BI GROUP компаниясының «BI juldyzai» корпоративтік қоғамдық қорымен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.**

#### **V. Әзірленген:**

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың **тұжырымдамалық тәсілдері** (ҚР БҒМ 19.02.2019 ж. № 81 бұйрығы);

**«Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы;**

**«Экоәлем» және «Темірқазық» балалар танымдық журналдары;**

**«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған ғылыми-әдістемелік журнал электронды форматта.**

**VI. ҚР Әділет министрлігінде «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасына авторлық құқықтар тіркелген.**

#### **VII. Сайт жұмысы [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)**

**Сайтта ақпараттық сипаттағы материалдар орналастырылған:**

Wunder.kz онлайн-бағдарламалау мектебінің тұсаукесері;

«Жұлдыз-Ай» халықаралық фестиваль-конкурсын өткізу ережесі);

Педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журнал «Қосымша білім және тәрбие», «Экоәлем» және «Темірқазық» танымдық балалар журналдары.

6 республикалық іс-шараның қорытындысы:

**«Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы;**

**«Қосымша білім беру: болашаққа көзқарас» құрылымдалған диалог материалдары.**

«Жұлдыз-Ай» халықаралық фестиваль-байқауы); «Жұлдыз», «Зеленая планета», «Ерлік», «Балалайф», «Акварель», «Юный Путешественник», «Эврика», «Ақындар мен жазушылар», «Музыканттар», «Галерея» клубының **контенттері тұрақты түрде (күн сайын) толықтырылады.**

#### **Материалдар саны:**

көркем-эстетикалық бағыт бойынша: 53;

әлеуметтік-педагогикалық бағыт бойынша: 48;

туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық шығармашылық бағыты бойынша: 30;

ғылыми-техникалық бағыт бойынша: 28.

2019 жылғы I жартыжылдықта сайтқа **20 584** адам кірді. Сайтқа кіргендердің елдер бойынша саны: Қазақстан - 18 888, Ресей – 1 152, АҚШ - 119, Кипр - 114, Германия - 43, Украина - 38, Қытай - 38, Швеция - 37.

Сайтқа кірген 18 888 қазақстандықтардың ішінен ең көп кірген Нұрсұлтан (3 108), Алматы (2 901), Шымент (1 176) қалалары, Атырау (1 486), Қостанай (1 582), Қарағанды (1 229), Павлодар (1 019) облыстарынан.

**VI.** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында РҚБООО қашықтықтан **39** интернет-конкурс ұйымдастырылып өткізілді, оған **5789** адам қатысты (**3244** жеңімпаз анықталды), оның ішінде балалар:

6 жасқа дейін - 749 қатысушы;  
7-10 жас – 1623 қатысушы;  
11-14 жас - 1932 қатысушы;  
15-18 жас - 1485 қатысушы;  
ауылдық жерден - **2064** қатысушы;  
ерекше білім беру қажеттіліктері бар - **3640**.

Қосымша

***2019 жылғы 9 қаңтардағы № 1 Шарт талаптарын орындау мақсатында «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» республикалық акция шеңберінде 3 республикалық іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді.***

***1. 2019 жылғы 14 қаңтар мен 28 ақпан аралығында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қатысуымен қашықтықтан «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауы [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) қатысушылар саны – 2070, жеңімпаздар – 712.***

Мақсаты: бейнелеу өнері қызметінде, сәндік-қолданбалы шығармашылықта ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметті ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік бейімделуге ықпал ету.

***2. 2019 жылғы 24-25 ақпанда Алматы қаласында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» республикалық пікір-сайыс турнирі.*** Қатысушылар саны - 119, жеңімпаздар – 18.

Мақсаты: республика оқушылары арасында дебат қозғалысын дамыту және насихаттау.

***3. 2019 жылғы 28 ақпан – 1 наурызда Алматы қаласында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан – менің алтын бесігім» республикалық балалар фестивалі.*** Қатысушылар саны - 170, жеңімпаздар - 30.

Мақсаты: қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру үшін жағдай жасау, төзімділікті тәрбиелеу және Қазақстан халқының түрлі этностарының мәдени дәстүрлерін зерделеу арқылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық дамуы.

***Мемлекеттік тапсырма шеңберінде 31.01.2019 қ. № 19/ГЗ шарттың талаптарын орындау мақсатында балаларға қосымша білім беру бойынша республикалық маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді:***

**1) Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауы.** Өткізілген орны: Алматы қ., 2019 ж. 26-29 наурыз. Қатысушы саны - 400 адам, жеңімпаз – 129.

Мақсаты: классикалық және қазіргі заманғы өнердің үздік үлгілерін игеру және орындау арқылы білім алушы тұлғасының рухани мәдениетін қалыптастыру, балалардың музыка мектептері мен өнер мектептерін дамыту, білім алушылардың тұлғасын тәрбиелеудегі, оқытудағы және шығармашылық дамытудағы олардың рөлін арттыру.

**2) «Театрдың гажайып әлемі» республикалық театр өнері фестиваль-байқауы.** Өткізілген орны: Атырау қаласы, 2019 ж. 25-26 наурыз. Қатысушылар саны - 128 адам, жеңімпаздар - 7 ұжым (Гран-При және 1, 2, 3 орындар), 7 ұжым 7 номинация бойынша сыйлықтармен марапатталды.

Мақсаты: өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің, тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде балалар театр шығармашылығын қолдау және дамыту, өзін-өзі танытуға, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту.

**3) «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқау.** Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, 2019 ж. 3-4 мамыр. Қатысушылар саны - 160, жеңімпаздар - 10 ұжым және қосымша номинациялар бойынша 7 ұжым.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: оқушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу.

**4) «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалі.** Өткізілген орны: Қостанай қ., 2019 ж. 7-8 маусым. Қатысушылар саны - 160, жеңімпаздар - 27 жеке біріншілікте, 3 жалпы командалық есепте.

Фестивальдің мақсаты: классикалық және қазіргі заманғы өнердің үздік үлгілерін игеру және орындау арқылы білім алушы тұлғасының рухани мәдениетін қалыптастыру, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау.

**5) Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысы** 2019 жылғы 10-11 маусымда Жамбыл облысы, Тараз қаласында өткізілді. Қатысушылар саны - 160 адам, жеңімпаздар – 45.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның бәсекелестік артықшылықтарын, шығармашылық құзыреттілікті, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

**6) «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылардың, экологтар мен натуралистердің республикалық форумы.** Өткізілген орны: Қарағанды қ., 2019 ж. 11-12 маусым. Қатысушылар саны - 160 адам, жеңімпаздар – 33.

Форумның мақсаты: оқушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарлы көзқарасты тәрбиелеу.

7) **«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар республикалық байқауын** 2019 жылғы 30-31 қазанда Алматы облысы, Талдықорған қаласында өткізілді. Қатысушылар - 160 адам, жеңімпаздар - 27.

Байқаудың мақсаты: білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі облысындағы, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру.

8) **«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слеті** Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл селосы, «Звездный» лагерінің базасында 2019 ж. 19-20 қыркүйек.

Қатысушылар саны - 160 адам, жеңімпаздар – 36.

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

9) **«Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз»** өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының республикалық көрмесін 2019 жылғы 2 қарашада Шымкент қаласында өткізілді. Қатысушылар саны –112 адам, жеңімпаз – 21.

Көрменің мақсаты: балалардың сәндік-қолданбалы шығармашылығын дамытуға жан-жақты ықпал ету, қатысушыларға жарыс түрінде өз шығармашылық қабілеттерін дамытуға және көрсетуге мүмкіндік беру; көркем және сәндік-қолданбалы шығармашылық саласында тәжірибе алмасу.

**15.03.2019 ж. № 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220 шарттардың талаптарын орындау мақсатында біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды және өткізілді:**

1) «Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық педагогикалық технологиялар» (Павлодар қ., 2019 жылғы 13-22 мамыр. Тыңдаушылар саны - 50 адам);

2) «Жазғы сауықтыру және мектеп жанындағы лагерьлерде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» (Алматы қ., 2019 жылғы 13-22 мамыр. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

3) «Балаларға қосымша білім берудің экологиялық-биологиялық бағыты бойынша педагогикалық технологиялар» (СҚО, Петропавл қ., 2019 жылғы 20-29 мамыр. Тыңдаушылар саны - 50 адам);

4) «Балалар қоғамдық ұйымының жұмысын ұйымдастыру нысандары және әдістері» (Шымкент қ., 2019 жылғы 20-29 мамыр. Тыңдаушылар - 75);

5) «Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы музыкалық теориялық пәндерді оқыту» (Шымкент қ., 2019 жылғы 27 мамыр-5 маусым. Тыңдаушылар саны - 50 адам);

6) «Дәстүрлі ән сыныбында білім алушыларды орындаушылық шеберлікке үйретудің заманауи технологиялары» (Түркістан қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

7) «Сәндік қолданбалы өнер сабақтарында балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту» (Қызылорда қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

8) «Кескіндемені оқытудағы дәстүрлі және инновациялық технологиялар» (Талдықорған қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар - 75 адам);

9) «Қосымша білім беру жағдайында білім алушы тұлғасының әлеуметтенуі» (Талдықорған қ., 2019 жылғы 3 - 12 маусым. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

10) «Музыкалық және көркемдік-эстетикалық бағыттағы бағдарламаларды іске асырудағы дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялардың синтезі» (Қарағанды қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

11) «Баян, аккордеон, гитарада ойнауға оқыту процесіндегі педагогикалық технологиялар» (ШҚО, Семей қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар саны - 50 адам);

12) «Балалар музыка мектебінің оқу процесінде «Sibelius» ноталық бағдарламасын практикалық қолдану» (ШҚО, Өскемен қ., 2019 жылғы 27 мамыр - 5 маусым. Тыңдаушылар саны - 25 адам);

13) «Мұражай педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттіліктерін дамытатын инновациялық педагогикалық технология» (Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 3 - 12 маусым. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

14) «Балалар-жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлерін ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері» (Алматы қ., 2019 жылғы 7-16 қазан. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

15) «Қосымша білім беру жағдайында білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға рухани-эстетикалық тәрбие беру» (Орал қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

16) «Қосымша білім беруде балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуы (әскери-патриоттық тәрбие, балалар қоғамдық қозғалысы)» (Қостанай қ., 2019 жылғы 7-16 қазан. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

17) «Қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік қызметтің жұмысы» (Қарағанды қ., 2019 жылғы 14 – 23 қазан. Тыңдаушылар саны-75 адам);

18) «Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары – балаларды дамытудың ресурстық орталықтары» (Ақтөбе қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

19) «Балалар эстрадалық бірлестігімен жұмыстың дәстүрлі және инновациялық әдістері» (Ақтөбе қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

20) «Фортепианода ойнауға оқыту процесіндегі дәстүрлі және жаңа әдістер» (Алматы қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

21) «Концертмейстердің шығармашылық және педагогикалық қызметі» (Павлодар қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 50 адам);

22) «Білім беру ұйымдарында техникалық шығармашылықты дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері» (Павлодар қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

23) «Білім беру ұйымдарында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту» (Қарағанды қ., 2019 жылғы 4-13 қараша. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

24) «Қазақ ұлттық аспаптарына оқытудың заманауи әдістері» (Қарағанды қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 100 адам);

25) «Хорда орындаушылықты дамытудың заманауи үрдістері» (Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 100 адам);

26) «Білім беру ұйымдарының әлеуметтік-педагогикалық қызметі» (Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны - 75 адам);

27) «Аула және әскери-патриоттық клубтарының білім беру процесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар» (Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 50 адам);

28) «Сәндік қолданбалы өнер сабақтарында балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту» (Қызылорда қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 75 адам);

29) «Радиомен басқарылатын модельдер, автокөліктер, ұшақтар, кемелер және басқа техниканы басқару жүйелері» (Өскемен қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 50 адам);

30) «Компьютерлік үлгілеу негіздерін оқыту әдістері – педагогтердің құзыреттілігін дамыту құралы» (Шымкент қ., 2019 жылғы 28 қазан – 6 қараша. Тыңдаушылар саны – 50 адам).

***Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог қызметкерлерінің білімін жаңарту және кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында бюджеттен тыс 3 курс (168 тыңдаушы), 2 семинар (95 тыңдаушы) ұйымдастырылып өткізілді. Тыңдаушылар саны – 263.***

1) «Қосымша білім беру ұйымдарындағы Менеджмент» республикалық семинары, Астана қаласы, 2019 жылғы 25 қаңтар. Қатысушылар саны – 83 адам;

2) «Шаңғы туризм техникасы бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу» республикалық семинар-практикум, Ақмола облысы Бурабай ауданының «Звездный» балаларды сауықтыру орталығы, 2019 жылғы 27 ақпан. Қатысушылар саны – 12 адам;

3) «Жазғы сауықтыру және мектеп жанындағы лагерьлерде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру», Алматы обл., Есік қаласы 2019 жылғы 12 - 15 ақпан. Тыңдаушылар саны - 47 адам;

4) «Музыкалық және көркемдік-эстетикалық бағыттағы бағдарламаларды іске асырудағы дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялардың синтезі» (хореография), Алматы облысы, Ұзынағаш ауылы, 2019 жылғы 19 - 22 ақпан., Тыңдаушылар саны – 45 адам;

5) «Мектепке дейінгі ерте жастағы баланың көркемдік-эстетикалық дамуы», Қарағанды қаласы, 2019 жылғы 1 - 5 сәуір. Тыңдаушылар саны – 16 адам;

6) «Музыкалық және көркемдік-эстетикалық бағыттағы бағдарламаларды іске асырудағы дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялардың синтезі» (ішекті-ысқышты үрмелі және соқпалы аспаптар), Павлодар қаласы, 2019 жылғы 2 - 6 сәуір. Тыңдаушылар саны – 7.

7) «Түркістан қаласының тарихи-мәдени туризмнің дамуы» республикалық семинар-практикум, Түркістан қаласы Облыстық жас туристер станциясының базасы, 2019 жылғы 26 сәуір. Қатысушылар саны – 28 адам.

**2019 жылғы республикалық қашықтықтан өткізілген республикалық интернет-байқаулардың тізбесі:**

1. Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Жаңа жылдық букет»** республикалық қашықтық интернет-конкурсы.

Мақсаты: балалардың жаңа жылдық іс-шараларын өткізу және үздік ұйым тәжірибесін анықтау және оны тарату. Барлық қатысушылар-9, жеңімпаздар-8.

2. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтарының арасында қашықтықтан өткізілген **«Балаларға берілген жүрек»** республикалық педагогикалық олимпиадасы.

Мақсаты: каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтардың қозғалысына қолдау көрсету және дамыту. Барлық қатысушылар - 463, жеңімпаздар – 293.

3. 2019 жылғы 14 қаңтар мен 28 ақпан аралығында **«Ризашылық - мейірімділік бұлағы»** жалпы ұлттық мәдени – білім беру жобасы аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арасында **«Шексіз шығармашылық»** республикалық қашықтықтан өткізілген республикалық байқауы.

Мақсаты: бейнелеу өнері қызметінде, сәндік-қолданбалы шығармашылықта ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметті ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік бейімделуге ықпал ету. Қатысушылар - 2070, жеңімпаздар – 712.

4. **«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 4 қаңтар-22 ақпан.

Мақсаты: адамгершілік құндылықтарды, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға, балалардың танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ету. Қатысушылар - 225, жеңімпаздар – 64.



5. **«Бұл сиқырлы сөз - Ана!»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 10 қаңтар-27 ақпан.

Мақсаты: балалар мен жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдай жасау, өскелең ұрпақ арасында белсенді шығармашылық қызметке және өзін-өзі дамытуға ынталандыруды арттыру. Қатысушылар - 377, жеңімпаздар – 266.

6. **«Отбасы – бақыт кілті»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 7 қараша - 24 қаңтар.

Мақсаты: отбасы құндылықтарын дәріптеу, көркем шығармашылықтың әртүрлі түрлерін дамыту. Қатысушылар - 209, жеңімпаздар - 84;

7. **«Сиқырлы Жаңа Жыл»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 19 желтақсан - 30 қаңтар.

Мақсаты: оқушыларды шығармашылық қызметке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру. Қатысушылар - 74, жеңімпаздар - 42;

8. **«Бүгіннің баласы – болашақтың данасы»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 22 қараша - 12 ақпан.

Байқаудың мақсаты: оқушыларды шығармашылық қызметке тарту. Қатысушылар - 110, жеңімпаздар - 79;

9. **«Қысқы ертегі»** республикалық интернет-конкурс 2019 жылғы 22 қараша - 8 ақпан.

Мақсаты: эстетикалық және экологиялық мәдениетті қалыптастыру, оқушылардың жан-жақты дағдыларын және табиғатқа ұқыпты қарым-қатынасын көркем шығармашылық құралдарымен дамыту. Қатысушылар - 226, жеңімпаздар – 158.

10. **«Жақсылық жаса»** республикалық интернет - байқауы 2019 жылғы 8 ақпан - 19 наурыз.

Мақсаты: балалардың шығармашылық және көркем қиялын дамыту, дарынды, талантты балаларды қолдау. Қатысушылар - 64, жеңімпаздар - 43;

11. **«Жүректен жүрекке»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 1 ақпан-29 наурыз.

Байқаудың мақсаты: оқушыларды шығармашылық қызметке тарту. Қатысушылар - 13, жеңімпаздар - 13;

12. **«Менің сүйікті қалам кеше және бүгін!»** республикалық интернет – байқауы 2019 жылғы 1 ақпан - 28 наурыз.

Байқаудың мақсаты: балаларды өз қаласының тарихын зерттеуге тарту, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Қатысушылар - 20, жеңімпаздар - 20.

13. **«Поэзияның асқар шыңы - Мұқағали Мақатаев»** республикалық интернет – байқауы 2019 жылғы 29 қаңтар – 14 наурыз.

Байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты Қазақстан халқының мәдени және рухани құндылықтарына баулу, балаларды патриоттық және эстетикалық тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау. Қатысушылар саны - 36, жеңімпаздар - 36.

14. **«Әлемді тербеткен ана»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 31 қаңтар – 14 наурыз.

Мақсаты: адамгершілік құндылықтарды, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, балалардың танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту. Қатысушылар - 24, жеңімпаздар -24.

15. **«Ұлы даланың бұлбұлдары»** республикалық жас вокалистер фестиваль - байқауы 2019 жылғы 21 қаңтар – 20 наурыз.

Мақсаты: вокалдық орындау арқылы музыкалық дарынды балаларды, талантты балалар ұжымдарын анықтау, дамыту және қолдау. Қатысушылар саны - 25, жеңімпаздар - 25.

16. **«Оркестр шеруі»** халық аспаптар оркестрлерінің республикалық қашықтық фестиваль - байқауы 2019 жылғы 30 қаңтар – 20 наурыз.

Мақсаты: оркестрлік орындаушылық өнер арқылы балалар ұжымдарын анықтау, дамыту және қолдау. Қатысушылар - 10 ұжым, жеңімпаздар - 10.

17. **«Қалдықтардан табысқа»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 3 қаңтар - 20 ақпан.

Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін, экологиялық сана - сезімі мен ойын дамыту. Қатысушылар - 68, жеңімпаздар – 67.

18. **«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 25 қаңтар - 1 наурыз.

Мақсаты: дарынды балаларды қолдау және олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру. Қатысушылар - 105, жеңімпаздар – 105.

19. **«Мен –полиглотпын»** республикалық интернет - байқауы 2018 жылғы 7 қарашадан - 2019 жылғы 14 қаңтарға дейін.

Мақсаты: тілдердің үш тұғырлылығы Қазақстандық идеясын жүзеге асырудағы уәжді арттыру. Қатысушылар - 110, жеңімпаздар – 79.

20. **«Сиқырлы саусақтар»** республикалық интернет-байқауы 2018 жылғы 16 қараша - 2019 жылғы 25 ақпан аралығында.

Мақсаты: білім алушыларды шығармашылық белсенділікке тарту, олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру. Қатысушылар - 54, жеңімпаздар – 45.

21. **«Ғажайып Жаңа жылдық Карнавал»** республикалық интернет-байқауы 2018 жылғы 20 қараша - 2019 жылғы 25 ақпан аралығы.

Мақсаты: қатысушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылығын дамыту, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Қатысушылар - 17, жеңімпаздар - 17.

22. **«Таланттылар шеруі»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 4 ақпан - 29 наурыз.

Мақсаты: шығармашыл тұлғаны, оның ойлау жасампаздығы мен сонылығын қалыптастыру.

23. **«Сиқырлы орман»** республикалық интернет-байқауы 2018 жылғы 10 қыркүйек - 2019 жылғы 28 қаңтар аралығы.

Мақсаты: білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың экологиялық мәдениетін, экологиялық сана-сезімі мен ойын дамыту. Қатысушылар - 60, жеңімпаздар - 50.

24. **«Әлем шары»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 15 қаңтар - 15 наурыз.

Мақсаты: жас ұрпақтың назарын экологиялық мәселелердің өзекті сұрақтарына аударту, саналы іс-әрекетті насихаттау және балалар мен жастарда табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

25. **«Эколидер»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 17 қазан - 3 қаңтар. Қатысушылар - 11, жеңімпаздар - 6.

Мақсаты: балалар туризмін дамыту саласындағы оқу бағдарламаларын, табиғатты, қоршаған ортаны қорғау қызметін жүзеге асыратын белсенді және талантты педагогтерді анықтау және ынталандыру.

26. **«Өз жерінді таны»** республикалық интернет-байқауы 2018 жылғы 14 қараша - 2019 жылғы 23 қаңтар аралығы. Қатысушылар - 7, жеңімпаздар - 6.

27. **«Мектептен тыс ұйымдарының тарихы»** республикалық интернет-байқауы. Қатысушылар - 60, жеңімпаздар - 49.

28. **«Жұлдызай»** XIV Халықаралық Балалар шығармашылығы фестивалі аясында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арасында **«Бейнелеу өнері»** және **«Көркем-қолданбалы өнер»** номинациялары бойынша интернет-байқауы 2019 жылғы 15 ақпан - 22 сәуір аралығында өтті.

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, талантын ашу, жүректеріне сенім ұялату. Олардың тұлғалық дамуына үлес қосып, өмірден өз орындарын табуына ықпал ету. Қатысушылар – 1570, жеңімпаздар - 1045.

**«Бейнелеу өнері»** номинациясы бойынша 341 қатысушы, оның 192-і жеңімпаз атанды. **«Көркем-қолданбалы өнер»** номинациясы бойынша - 1229 жұмыс, жеңімпаздар – 853.

29. **«Менің әкем - ең үздік!»** республикалық интернет – байқауы 2019 жылғы 8 сәуір - 17 мамыр.

Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жандандыру, шығармашылық және дарынды балаларды көтермелеу. Қатысушылар - 26, жеңімпаздар - 14.

30. **«Мейірімділік әлемді құтқарады!»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 8 мамыр - 20 мамыр.

Мақсаты: балалардың шығармашылық және көркем қиялын дамыту, дарынды және талантты балаларды қолдау. Қатысушылар - 34, жеңімпаздар - 21.

31. **«Көк байрағым»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 8 сәуір - 23 мамыр.

Мақсаты: білім беру ұйымдарының білім алушыларының зерттеу және зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту, дарынды және талантты балаларды қолдау. Қатысушылар - 3, жеңімпаздар - 3.

32. **«Мобильді көзқарас – «отряд өмірінің бір күні»** республикалық интернет – байқауы 2019 жылғы 19 мамыр - 19 шілде.

Мақсаты: балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту.

33. **«Сүйемін туған тілді – анам тілін»** республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 12 мамыр - 12 қыркүйек.

Мақсаты: балалар іс-шараларын өткізуді ұйымдастырудың үздік тәжірибесін анықтау және тарату, тәжірибе алмасу және шығармашылық бастамаларды қолдау.

34. «Ана - гүл, Ана - өмір шуағы!» республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 20 ақпан - 12 сәуір.

Мақсаты: адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, анаға құрмет пен сүйіспеншілік сезімі, балалар когнитивтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қатысушылар - 58, жеңімпаздар - 54.

35. «Наурыз - көктем мейрамы» республикалық интернет - байқауы 2019 жылғы 22 ақпан - 16 сәуір.

Мақсаты: Қазақстанның халықтарының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтау, дамыту, насихаттау. Қатысушылар - 36, жеңімпаздар - 33.

36. «Ғаламшарды бірге сақтаймыз» республикалық интернет-байқауы 2019 жылғы 2 мамыр - 15 маусым.

Мақсаты: жас ұрпақтың қазіргі экологиялық мәселелерге назарын аудару, саналы мінез-құлықты кеңінен тарату және балалар мен жасөспірімдер арасында экологиялық менеджмент дағдыларын дамыту.

*ҮЕҰ, ата-аналар қоғамы өкілдерінің қатысуымен Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жұмыс топтары, республикалық үйлестіру кеңестері, педагогикалық қызметкерлер секциялары отырыстарының тізбесі.*

**30 қаңтарда** Астана қаласында БММ, БШМ және БКӨМ бойынша 10 бағдарламаны талқылау үшін жұмыс тобының отырысы өтті.

**15 наурызда** Петропавл қ. (СҚО) «Қосымша білім беру: болашаққа көзқарас» **Құрылымдық диалогы** өтті.

Құрылымдық диалогқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, Еуразиялық балаларға қосымша білім беру қауымдастығы, жергілікті атқарушы органдар, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, «Нұр Отан» партиясы, Қазақстандағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының өкілдері, мектеп және мектептен тыс ұйымдардың басшылары, Үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар қоғамдастығы қатысты.

Құрылымдық диалог жұмысы барысында Президент Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы, «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту», «Ұлы Даланың жеті қыры», «Рухани жаңғыру» бағдарламасында және жастарға арналған форумда көрсетілген мемлекеттік бастамаларды іске асыруға бағытталған мәселелер талқыланды.

Балаларға қосымша білім берудің қажеттілігі мен нәтижелілігі мәселелеріне, қатысушыларды қосымша білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін дамыту бойынша халықаралық тәжірибелермен таныстыруға, оқушылар сарайлары мен үйлерінің базасында балалар технопарктерінің желісін құруға ерекше назар аударылды.

Ағымдағы жылғы **9 тамызда Алматы қаласында** Республикалық тамыз конференциясы шеңберінде «Балаларға қосымша білім беру: мемлекеттік білім

беру саясатының жаңа талаптары мен векторлары» атты 250 адамның қатысуымен секция өткізілді.

Секция жұмысына ҚР Білім және Ғылым, Ішкі істер, Мәдениет және спорт министрліктерінің, облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, ҮЕҰ, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Секцияда қосымша білім беру инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері қарастырылды, атап айтқанда: STEM-білім беруді және STEAM-технологияларды қосымша білім беруге енгізу, мемлекет, бизнес, отбасы және азаматтық қоғам институттары, ведомствоаралық және деңгейаралық кооперация және т.б. секция жұмысының қорытындысы бойынша ұсыныстар жасалды. Секция материалдары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайттында жарияланған.

Ағымдағы жылғы **19 қыркүйекте Ақмола облысының Щучинск қаласында** туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Үйлестіру кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, экологиялық мәдениетті насихаттау, азаматтық сана-сезімді қалыптастыру, өлкетануды дамыту және өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарға тарту, балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру, балалардың демалысы мен жұмыспен қамтылуы бойынша мемлекеттің, қоғамның және кәсіби қоғамдастықтың өзара іс-қимыл мәселелерін талқылау бойынша сындарлы диалог өтеді.

Қатысушыларға слеттің жабылу рәсіміне, туристік жорыққа дайындық бойынша мастер-класстарға, экологиялық квестерді әзірлеуге және т.б. қатысуға мүмкіндік берілді.

Отырыс материалдары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.